

ИСЛАМДАҒЫ АДАГЕРШІЛІК ПЕН ІЗГІЛІК – МӘДЕНИЕТТІҢ НЕГІЗІ

Бүгінгі күні қоғам дамуындағы діннің және мәдениеттің орны діни шарттардың әсерінің күшеюі түрлі жағдайларға байланысты қалыптасуда. Қазақстандағы дін және дәстүрлі қозғалыс, қоғамдық үрдіске әсері болмай қоймайтын құбылыс.

Ислам діні – дүние жүзілік діндердің ішінде ең кеш шыққан жас дін. Ол біздің заманымыздың VII ғасырында арабия түбегін мекендеген тайпалар алғашқы қауымдық қатынастардан таптық қатынастарға көше бастаған кезде құл иеленушілік идеологиясы ретінде дүниеге келді.

Ислам дінін уағыздаудың алғашқы жолдары сәтсіздікке ұшырауына бұл діннің әлеуметтік мазмұны тікелей әсер етеді. Құлдық, кедейлік, аштық, жалаңаштық құдайдың маңдайына жазғаны, тәуір өмір о дүниеге барғанда болады, бұл дүниеге көнгіш болған дұрыс деп уағыз айтылған жаңа дін араб қоғамының жырларына, көшпелі бәдауилерге ықпал жасай алмайды. Сондықтан, құранның алғашқы сүрелерінде байлықты сынау кездеседі. Бұл мәселелер ру, тайпа шонжарларына тиімді болмады. Басқа да барлық дүниежүзілік діндер сияқты Ислам дінінің де өзіндік ұзақ тарихы бар. Ол тарих дүниежүзілік әлем тарихымен ұштасып, жұптасып, шамдасып жатады.

Ислам дінін уағыздаудың алғашқы жолдары сәтсіздікке ұшырауына бұл діннің әлеуметтік мазмұны тікелей әсер етеді. Құлдық, кедейлік, аштық, жалаңаштық құдайдың маңдайына жазғаны, тәуір өмір о дүниеге барғанда болады, бұл дүниеге көнгіш болған дұрыс деп уағыз айтылған жаңа дін араб қоғамының жырларына, көшпелі бәдауилерге ықпал жасай алмайды. Сондықтан, құранның алғашқы сүрелерінде байлықты сынау кездеседі. Бұл мәселелер ру, тайпа шонжарларына тиімді болмады.

Қысқасы Меккеде дін тарау үшін: 1) Ислам дінінің әлеуметтік тірегі болмады; 2) Меккеліктер үшін политеизмнің сақталуы пайдалылық болды. Бірақ Меккенің мұсылмандар қауымымен келісімге келуінің маңызды себебі бар еді: 1) Ислам дініндегі жалғыз құдай – алла – күрейшт тайпасының құдайы болатын; 2) Мұсылмандардың аллаға тағзым ететін орталығы Кааба храмы болды. Бұл жағдай Меккенің жаңа дін үстемдік жасаған уақытта да өз саясатын жүргізуге толық мүмкіндігін сақтады. Осы біз жоғарыда көрсеткен себептердің нәтижесінде

Меккенің мұсылмандық орталыққа айналуымен Ислам діні араб тайпаларының басым көпшілігіне тарады.

Мұсылмандар құранның өзін ғана емес, мазмұнын ғана емес, әрбір әріпі мен қағазын да қасиетті санайды, құран сөзіне еш нәрсені теңімейді, құраннан асыл, онан артық бұл дүниеде ештеңе жоқ деп біледі. Құран ұстап ант береді. Бірақ қазақ арасында құраннан нанды жоғары қою дәстүрі бар. Егер нанға қолың жетпесе, құранды аяғыңның астына қойып, нанды алуға болады, ал нанды басып құранды алуға болмайды.

Ислам діні адамдардың бірлестігін және ұйымдастығын қалыптастырушы идеологиялық механизм. Ислам дінінің мазмұны әлеуметтік мәні бар негізгі құндылықтарды қасиетті деп танудан тұрады. Мәдениеттегі діннің рөлін әрбір мәдениеттің жүйе құрастырушы факторы деп анықтауға болады.

Ислам мен оның өкімет билігі құрылымдарымен арақатынасын байыптау Қазақстандағы дін мен азаматтық қоғам мәселесін қарастырғанда қажет болады. Қазақстан Республикасының ата заңы – Конституциясы бойынша дін мемлекеттен алшақ бөлінген, ол дегеніміз жоғарыда аталғандардың әрқайсысы өз алдына өзінің қызметтерін атқарады әрі бір-біріне кедергі етпейді деген сөз.

Ислам мен оның өкімет билігі құрылымдарымен арақатынасын байыптау Қазақстандағы дін мен азаматтық қоғам мәселесін қарастырғанда қажет болады. Қазақстан Республикасының ата заңы – Конституциясы бойынша дін мемлекеттен алшақ бөлінген, ол дегеніміз жоғарыда аталғандардың әрқайсысы өз алдына өзінің қызметтерін атқарады әрі бір-біріне кедергі етпейді деген сөз.

Имандылыққа қайта бет бұрғалы халқымыздың ислами еңбектерге деген көңілдері артып отыр. Бұл – Ислам дінінің жыл өткен сайын халық жүрегінен тереңірек орын алып келе жатқандығы мен қазақ қоғамының мұсылманшылықпен имандылыққа бетбұрысы [1].

Х.З. Ақназаровтың ойынша: Ислам діні өз сипатына қарай өзіндік ерекшелігі бар. Жаңа тарихи жағдайларға байланысты арабтардың өзіне тән тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, дәстүрлерін ескереді. Бір жағынан, осылардың негізінде қалыптасқан, екінші жағынан, арабтардың ескі діни нанымдарын бойына сіңіре отырып дамыған [2].

Қазақ халқының ұлттық дәстүрінің ғасырлар бойы ислам дінімен жымдасып, бірігіп ажырағы-

сыз жағдайға түскенін, ұлттық дәстүрді діннен айналып өтіп, дамытудың мүмкін еместігін де айта кету аса маңызды. Соңғы жылдардағы еліміздегі ислам дінінің ықпалының өсуі республикада қазақ лингвистикалық фонетикасының күшеюіне әсер етті.

Қазақстанда тығыз топталып, орналасқан өзбек, ұйғыр, түріктер, қазақ тілінің маңызын терең түсініп, оның қолдану аясын кеңейтіп жатыр, түркі тілдестер тілдері қазақ тіліне жақын болған соң балаларын қазақ мектептеріне беруде. Орыс тілі түркі тілдестер тығыз орналасқан аудандарда ұлтаралық функциядан айырылып, орнын қазақ тілі басуда [3]. Қазақ халқының ділін айтқанда, оның басты бір ерекшелігі – ол тәрбиелік қасиеттілігі. Қазақ халқының бүкіл салт-санасы, әдет-ғұрпы, мақал-мәтелдері, ертегі, жырлары, ойын-сауығы айналып келгенде, тәрбиелік мәселеге келіп тіреледі. Олар адамгершілікке, имандылыққа, көпшілікке, азаматтыққа баулиды.

Бүкіл әлемді жаратушы, дүниедегі Әділдіктің Үйлесімділіктің, Білімнің және Құдіретті Күштің иесі бар құдайдың бар екендігіне деген сенім сан ғасырлар бойы жер бетіндегі адамдар жүрегін баурап, оларды таза ниетке, ізгі істерге, жарқын үмітке бастаумен келеді. «Иманды бол». Бұл – қазақ халқының ең үлкен алғысы. Дүниені апаттан ізгілік пен сұлулық қана құтқарып қалады» [4].

Имандылық, бір құдайдың әділдігіне шүбәсіз сену – мұсылмандықтың бес парызының ең алғашқысы «Аллаға сену». Ислам діні бір Алла тағалаға құлшылық етуді нақтылаумен қатар, адамның қоғам алдындағы міндеттерін де айқындап берген. Сол міндеттердің бастысы – адам имандылығы. Ислам діні адам өмірін сақтаумен оған қамқорлық жасаудың әр мұсылманға парыз екендігін ескертеді. Дініміз адам баласының тәрбиесіне үлкен мән береді. Баланың туғанынан бастап, ержеткенге дейін ата-анасы материалдық жағынан ғана қамтамасыз етіп қоймай, баланың жүрегіне иман сенімін орнықтыруы қажет. Үлкенді сыйлау, кішіге мейірімділік көрсету – бұл жастардың ең басты міндеті.

Ислам дінінде амандасу, жанашырлық, қолқабыс көрсетуге байланысты ұғымдар үлкен мәнге ие. Адамзат болмысының бір ерекшелігі – қоғам құрып, бірге өмір сүруі және әлеуметтік қатынас жасау. Қоғамда әр азаматтың басты міндеті қоршаған ортада бірлік пен ынтымақты сақтап, бөлінушілікке, бүлікке, ел тыныштығын бұзатын жәйттарға жол бермеу.

Мұсылман адам өз қоғамына қандай да болмасын қиянат жасаудан аулақ болуы керек. Діни сана-сезімге байланысты да жеке ой-тұжырым жасауға болады. Дүниенің тылсым сырларын, айналаның таңғажайып, беймәлім құбылыстарын, табиғат өзгерісімен дамуын діни сана-сезімдегі адамдар оқыған, білімді адамдардан гөрі басқаша қабылдайды.

Діни сенімдегі адамдар дүниедегі құбылыстарды жаратушы бір ғана қасиетті күш – құдай дейді, діни сенімдегі адамдар. Олар үшін мақсатты орындау, биіктегі арманға жетесін дейді. Сол мақсатқа жету үшін адам талпынады, ізденеді, еңбектенеді, тер төгеді. Сонда ғана еңбегінің жемісін көреді. Діни тұрғыда алсақ, адамдардан алшақ өте жоғары тұрған игілік, ол – «Құдай болмысы» осыған қол жеткізгенде ғана адам өзін шын мәніндегі жетілген, даму шегіне жеткен жан ретінде сезіне алады. Діни сенімдегі адамдардың түсінігі барлық адамдар еңбек етіп, өтірік айтпай, әділетті болуы керек, сонда ғана игілікті істерге қолы жетеді – деп түсіндіреді.

Адам өзінің тұтас бет-бейнесін, адамгершілік, имандылық асыл қасиеттерін дамыған қоғамдық қарым-қатынасар деңгейінде көрсете білуі қажет. Бір сөзбен айтқанда, адам жан-жақты жетіліп, айналадағы ортаға, өзгелерге деген шынайы, пәк сүйіспеншілігі қалыптасып, өзінің бойына имандылық мұраттарын жинақтайды. Сонымен қатар имандылық тәжірибелерін жинақтай білгенде ғана ол жаңа бір сапалық деңгейге көтеріле алады. Сонда ғана ол игілікті ізгілікті істер жасап иманды болып, қиындықты жеңе біледі.

Адамның имандылығын қалыптастыруда, ол мақсатқа жету үшін талпынады, өзін-өзі тәрбиелейді. Өмірде әр түрлі адамдар кездеседі, бірі – адамгершілігі мол, бірінің әдептілігі бар, екіншісінің имандылығы бар таза пәк адам, енді бірінің үлкенге, кішіге деген инабаттылығы, қайырымдылығы, мейірімділігі немесе зұлым, бұзақы, имансыз т.б. керісінше болуы. Осының бәрі діни тәрбиеге, ортаға қатысты болып келеді. Еліміздің дамуы үшін, өркениетке қолы жетуі үшін, ілгеріректе сөз еткеніміздей, адамгершілік, инабаттылық қасиеттерді әрбір жеке адамның басынан көріп, жақсылыққа қарай қалыптастырып жетілдіру қажет. Сонда ғана даму, өрбу болады.

Сонымен қатар, имандылықтың ерекшеліктері жеке адамның моральдық дамуына әсер етіп, қоршаған ортада өзін-өзі тәрбиелеуіне үлкен көмек көрсетеді.

Қоғамдық өмірде, қызмет орнында жеке адамның имандылығын, адамгершілік бірлігін

жетілдіру, дамыту қажет, сонда ғана адам өз белсенділігін арттырып үлкен игі істерге қатысады. Адам өмір сүру үшін, тіршілігінде материалдық заттарға ғана тәуелді емес, сонымен бірге ол өзінің болашақ өмірінде де еркін өмір кешу үшін де әр түрлі жағдайлар жасайды.

Жеке адамның өмір-тіршілігінде оның сана-сезімі қажет, ол өмір ағысының онды-солын аңғарып, пайымдап, қорытындылай білу қажет. Расында да сонда адам өмірдегі өз орнын таба біледі, адаспайды. Өмір соқпақтарының қыры мен сыры көп, соны түсінгенде ғана, қиыннан жол таба білесің. Қоғамдық қарым-қатынастың арқасында, даму барысында әр түрлі өзгерістер болып, өмірлік тәжірибелермен байытылып отырады, бір орында тоқтап қалмайды, өзгереді. Жеке адам арасындағы қарама-қайшылықты шешуде өмір мақсатын нақты, тарихи тұрғыда түсіну керек. Адамзат қызметі мен тіршілігінің түпкі мақсаты адамның өзі, оның бақыты болып табылады. Адамдар арасында өзара қарым-қатынастарында түсінушілік, сыйластық, имандылық болған жағдайларда, бірлік, береке болады. Адамның бойындағы ең бір қасиеті – оның қоршаған ортада өзін ұстай білу, имандылығы, инабатты, әділетті болуы.

Адамдардың сана-сезімін, адамгершілігін жоғары деңгейге көтеру, оның тәжірибесімен, ақыл-ойына, зердесіне байланысты, қалыптасады. Әрбір жеке адам, бойында иманы бар, өмірдегі кездескен мәселелерді, міндеттерді, мақсаттарды іш жүзінде шешуге тырысады. Егер адамның түсінігі жеткілікті дәрежеде болмаса, білімі жетіспесе, онда ол қоршаған ортаны белгілі сын көзбен түсініп, ұғына алмайды, оған сын беруге, тұжырым жасауға қабілеті жетпейді.

Сонымен бірге, егер адам біліммен ғана сусындап, рухани мәдениетке көңіл аудармаса, онда оның алған білімі жеткіліксіз, сыңаржақ болып қалады. Сол себепті әрбір адам, адамзаттың рухани мәдениетінің барлық бағытынан нәр алып жан-жақты дамуы қажет. Сонда ғана ол жан-жақты толық дамыған салауатты адамзат болады. Ол адам қоғамдық өмірдің барлық қарым-қатынастар саласында, діни салада барлық әлеуметтік құрылымды өзгертуге атсалыса алады.

Дін мен білім әр уақытта бірін-бірі қолдай отыра дамиды. Ал, адамның рухани жағынан дамуына және санасын көтеруде мәдениет деңгейін көтеруде ғылыми біліммен терең сусындауы қажет. Біз, сонда ғана діндегі әр түрлі бағыт-бағдардың дұрыс бұрыстығын шеше

аламыз. Осы тұрғыдан қарастырғанда біз үшін ғылыми сана-сезімге жақындай түсуіміз керек.

Ағайын туыс бір-бірімен тату-тәтті, ынтымақты қарым-қатынаста болса, олардың бойында жақсы қасиеттерді қалыптастырса, осының өзі бақыт. Ертедегі адамдар туысшыл, көргендері көп, бөліп жеген, менікі, сенікі деген сөздер болмаған. Қазіргі кездегі қоғамдық өмір, қарым-қатынас мүлдем өзгеше. Көптеген адамдардың зорлық-зомбылық көрсетуі, туысына, әке-шешесіне қатыгездік, қайырымсыздық әдеттер бүгінгі күні көбеюде. Осындай зорлықты болдырмау үшін діннің рөлі зор. Дін адамдарды үлкенге, кішіге деген адамгершілікті, мейірімділікті қастерлеуге шақырады. Діннің мәнділігі, оның имандылық негіздерді таратуында.

Өз тәуелсіздігімізді алып көптеген қиындықтарды басымыздан өткердік, осындай өтпелі заманда өз мақсат арманымыздың биігіне жету үшін өмірдегі кездесетін қиындықтармен күресе білуіміз керек. Ол қиындықтар діндегі әртүрлі кертартпалық жағдайлар. Адам өмірдің қиындығын жеңе отырып, туысшыл болуы керек. Қазақтың мына бір мақаласынан аңғаруға болады. «Ағайын тату болса, мал көп, абысын тату болса ас көп». Жаман адам өзінің ғана қара басын ойлайды. Ал жақсы адам көпшіліктің тіршілігін ойлап, күйзеледі. Жақсы адамның ойниеті түзу, ақыл-парасаты жоғары болады, оның іс-әрекеті де керісінше, ол халықтың қамын ойлайды. Жас ұрпақ халықтың жақсы салт-дәстүрлерін, жоралғыларын біліп, соны ары қарай жалғастырғанда ғана мерейі үстем болып, еліміз биікке қолы жетіп, өркениетті елдер қатарынан көрінеді. Біздің еліміз көпұлтты ел болғандықтан ұлт, халық, этнос ұғымдарына келесі тарауда түсінік береміз.

Дінтану – адам өмірімен қоршаған ортаға әсер ететін, фантастикалық, табиғи емес күштерге сенуге негізделген дүниетанудың формасы. Әлемдік діндердің әр түрлі түрі бар. Осыған орай дін – адамның абыройын, ар-ұятын сақтап отыратын ереже немесе тәрбиелік құралы. Дін рухани мәдениеттіліктің баламасы, дүниетанымның бір бітімі, дүниедегі тәрбие туралы бағдар немесе жол. Діннің басты қызметі адамдардың қарым-қатынастарын белгілі бір тәртіпке келтіріп оның құдіреттілігі мен қасиеттілігіне адамдарды иландыру.

Ислам – қазақ халқының ішіне тараған әлемнің бір нүктесі. Қазақтар сан ғасыр бойы ислам дінін пір тұтты. Қоғам дамуындағы діннің рөлінің өсуі, түрлі аймақтар үшін қоғамдық жүйеге діни шарттардың әсерінің күшеюі түрлі

жағдайларға байланысты. Дін мен нанымның қозғалысы, қоғамдық үрдіске әсері болмай қоймайтын құбылыс. Қоғамды нығайтуда, мемлекетімізді одан әрі қалыптастырудағы қайшылықтардың болуы заңды құбылыс.

Дін адамдар арасындағы бірлік пен ынтымақтастықтың қалыптасуына себепкер болатын адамгершілік қарым-қатынастарды реттеудің мәдени-әлеуметтік әдістерін өмірге келтіреді. Ислам дінінің қазақтар арасында кеңінен тез таралуы және қазақи ой-санада берік орнығуы, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық қасиет, үлгі өнеге. Қазақ халқы ұрпақ тәрбиесіндегі жақсы әдеттерге, имандылық құндылықтарға, ата-бабадан қалған игі мұраларға, ұлағатты өнегенің әсеріне ерекше мән берген.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев «Сындарлы он жыл» атты еңбегінде «Бүгінгі күнгі жекелеген елдердегі діни сана-сезімнің өсуі кездейсоқ құбылыс емес. Дін ұлттық және мәдени біртектілікті сақтаудың негізіне айналып отыр» – дейді [5]. Автордың пікірі бойынша, әр алуан себептерге байланысты мемлекеттік немесе ұлттық тұтастық идеясы дағдарысқа ұшыраған кезде, елдің қоғамдық және саяси өмірінің сахнасына дін шықты. Демек, дін адамның дамуы және қалыптасуы барысында, әр түрлі өзгеріске ұшырайды. Сөйтіп, ислам дінінің қоғам дамуы барысындағы рөліне тоқталатын болсақ, тарихтағы кейбір оқиғалардың алдын алуына, халық басына түскен күйзеліске төзуге, жеңе білуіне себепші болады.

Қазақ мәдениетіндегі сенім-наным жүйелеріндегі зерттеулер көп. Өйткені салт-дәстүрді қарастыру сол ескі діни түсініктерсіз білу мүмкін емес.

Ислам діні имандылыққа жетелейді, имандылық деген ұғымда үлкен мән, мағына бар. Имандылыққа – адамның ар-ұжданы, тазалығы, адамгершілігі – әділеттілігі, әдептілігі жатады.

Қай қоғамда болмасын өз дінін, өз тілін сақтап қалған халық қана тарих көшінен қалмай алға дамыған. Мысалы Америкада дін мемлекетті нығайтудың рухани құралы ретінде бағаланады. Ұлы Абай «Алланың өзі де рас, сөзі де рас. Рас сөз еш уақытта жалған болмас» – деп айтқанындай, адамзат баласының имандылығы артып, ата-бабадан мирас болған рухани құндылықтарға бейімделген сайын қоғам тазарып, ілгерілеп дамып, өркениетке бет алары анық. Сонау «хандық дәуір» деп аталатын кезеңнен бастап халқымыздың бағына туған бір тума тұлғаларының жүрген жолы, өмір сүрген

заманы, рухани мұра деп ерекше құрмет тұтатын құндылықтардың бірі – ислам діні.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев діни бостандыққа даңғыл жол ашты, өзі бас болып осы бір ұлағатты іске қамқорлық жасады. Қазіргі кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық өміріндегі діннің алатын орны мен рөлін сараптай келе, оның қаншалықты мәнді екендігін, оған деген ықыластың артып отырғандығын түсінеміз. Діни фактор, тарихи тұрғыдан алып қарағанда, өз алдына діни немесе ұлтаралық қайшылықтар тудыра қоймайтыны анық.

Ислам дініндегі әр түрлі бағыттардың, әсіресе, фундаменталистік және модернистік ағымдардың бір-біріне қарама-қарсылығы барған сайын күрделеніп күшейе түсуі. Соңғы кездері өзін байқатып жүрген бір келеңсіз нәрсе ұғымдардың толық бұрмалануы барша адамзатты мейілінше күтпеген жағдайға ұрындырады немесе ұрындыруы мүмкін. Мысалы, «өркениеттер қақтығысы» немесе «әлемдер соғысы» дегендердің дүниеде бар екені, не болмаса енді-енді бас көтеріп келе жатқаны туралы жекелеген саясаттанушылардың насихаттауында тұтас дәлелдер жүйесі мен теориялық негіздер бар. Айталық, бірқатар тарихи алғы шарттар мен қазіргі процестерге байланысты негізгі діндер арасында агрессивті қарсы тұрушылықтың бар екені ақиқат. Исламның агрессиялық мәні туралы көзқарастардың негізсіздігін, бүкіл адамзатқа қауіп-қатер әкелетін ислам діні емес, керісінше, оның кейбір өкілдері екендігін көрсету керек.

Демек, ислам ілімі бейбітшілікке, ынтымаққа шақырады және адамзат сенімінің ұлы ағымын бұрмалаушы кертартпа өкілдерінен арашалау қажеттілігі туып отырғандығын айтады. Сонымен қатар, діншілдік басты себептерінің бірі – қоғамдық ұйымдардың, ғылым мен мәдениеттің тиісті мекемелерінің діни көзқарасқа мүмкіндіктер туғызып діни ұйымдарды ашуға рұқсат берілген. Бірақта бұл діни ұйымдар мемлекетіміздің заңына сәйкес қызмет атқаруы тиіс. Діни тәрбиенің адамның адамгершілігін қалыптастыруға тигізетін маңызы зор.

Қазақстандағы дін және дәстүрлі қозғалыс қоғамдық үдеріске әсері болмай қоймайтын құбылыс.

Дін алғашқы қауымдық құрылыста шыға бастағаны бәрімізге мәлім. Оның шығуы мифтік ғажайыптарымен, түрлі елестетулерден туған таңғажайып қиялы бейнелермен тікелей байланысты. Ежелгі адамдардың табиғат алдындағы оның тылсым күштеріне деген табы-

нушылықтан туған әлсіздік, табиғатқа тәуелділіктен барып, діни наным-сенім қалыптасқаны көпшілікке белгілі. Соған байланысты табиғаттың күштерін алғашқы адамдар түрлі мифтік бейнеде елестетіп, қабылдады. Кейіннен келе өндіргіш күштердің дамуына байланысты топтық қоғам дамып, топтар пайда болған кезде билеушілерге табыну етек жайды.

Дін қазіргі заманғы адам мен қоғамның рухани өмірінде ерекше орын алады. Кеңестік таптық идеология үстемдік құрған жылдары дін біржақты зерттелгені белгілі. Діннің соңғы жылдары қарқынды дамуы, қоғамда діни сенімді қабылдаушылардың санының көптеп артуы дінді жан-жақты зерттеуді қажет етті және бұл бағыттағы жұмыстар табысты жүргізіліп отыр. Мысалы, дінді тарих, социология, мәдениеттану, саясаттану, философия және тағы басқа ғылымдар өз ғылымдары деңгейінен, әр түрлі аспектілерде зерттеуде.

Діннің анықтамасы: *melego* – қасиеттілік, құдайылық – Абсолютті бастаудың, Құдайдың бар екендігінен туындайтын және соған сәйкес мінез-құлық, өмір сүру тәртібін, өмір салтын қалыптастыратын көзқарас, дүниетаным; адамға күш беретін, тірек болатын, өзіне табындыратын тылсым күшпен байланыстылық және оған тәуелділік сезімі.

Дін – күрделі жүйе, ол діни сананы, діни институттарды, діни қатынастарды және діни қызметті қамтиды. Дінге: 1) діни ілім; 2) діни сезімдер; 3) діни салттар; 4) діни ұйымдар мен секталар кіреді.

Діннің даму сатылары: 1) табиғи дін – бұл кезеңде табиғи күште құдайлар сияқты болып көрінді; 2) заңдық сипаттағы дін – діни қағидалар мен ережелерді бұлжытпай орындау талап етіледі; 3) ақталу діні, ол Құдайдың алдындағы күнәлілік, бүкіл болмыстың қасіреттілігі және Құдайдың мейірімділігі сезімінен туындайды.

Діни сана – жаратылыстан тыс күштерге, Құдайға деген сеніммен туындайтын көзқарастардың, идеялардың, нанымдардың, теориялардың жиынтығы. Діни сананың құрылымына діни психология (діни идеялардың белгілі бір жүйесімен байланысты стихиялық түрде қалыптасатын түсініктердің, сезімдердің, көңіл-күйлердің, әдет-дәстүрлердің жиынтығы) және діни идеология (діни идеялар жүйесі, оны қалыптастыру және тарату ісімен діни ұйымдар, дінбасылар, діни қызметшілер айналысады) кіреді.

Діни идеологияның маңызды бөлігі болып теология есептеледі, ол Құдай, оның қасиеттері, сапалары, белгілері туралы ілімнің жүйелі

баяндалуы және негізделуі. Барлық халықтар үшін дін – жаулаудың тәсілі мен тәпсірі емес, жан сақтаудың тәсілі болғанын еске салудың зияны жоқ. Әр түрлі себептерге байланысты мемлекеттік немесе ұлттық тұтастық идеясы дағдарысқа ұшыраған шақта елдің қоғамдық және саяси өмірінің сахнасына бүкіл рухани идеяға ұйытқы болып дін шығады. Көп жағдайда сенімнің біртұтастығы тарихтың тайғақ кешулерінде халық тағдырына араша түсіп отырады.

Алайда кейбір жағдайларда, мемлекет рөлі баяу да басыңқы болғанда өмірдің барлық саласында діннің бел алуы сайқымазақтық сипат алып қана қоймайды, сонымен бірге қауіп-қатер төндіретін де кездері бар. Мұның өзі жеке адамдар мен халыққа ғана қауіп төндіріп қоймайды, кейде тұтас адамзат үшін де қатерлі. Мәселен, мұндай жағдай жалаң дінді жамылғы еткен ауыздықсыз агрессия кезінде көрініс табуы мүмкін.

Ислам діні туралы білімнің таяздығы. Біздің елімізде мектеп шіркеуден бөлек болғанымен, сектадан ажыратылмаған. Және жастар үшін басқа дінге өтудің ең қауіпті орнының бірі университет болып отыр. Қазіргі таңда бұл құбылысқа дәлел болатын айғақтар өте көп. Оқу орындарында, мәдениет сарайында, кино-театрларда батыс миссионерлерінің, гурулардың уағыздары өткендігі, арнайы дүкендерде сектанттық әдебиеттің таратылуы, шет тілдерді үйрету мақсатымен миссионерлердің шақыртылуы секілді жайттардың мемлекетімізде орын алғандығы тіркелген. Секталардағы жастар өмірге, жанұяға деген қызығушылықты жоғалтып, Отанға деген патриоттық сезімнен жұрдай болады. Осының өзі, бізді қатты алаңдатуы тиіс. Осы себептен де бұл жұмыс бүгінгі таңда аса өзекті мәселе. Сонымен қатар, бұл жұмыста елімізде әрекет етіп жүрген секталардың пайда болуын, олардың идеологиясын, мақсатын қарастыруға ұмтылыс жасалған.

Қоғам дамыған сайын халықтың дүниетанымы, мәдениеті, білім дәрежесі артып, ұлттық ерекшеліктері қалыптаса бастады. Әрбір ұлттың өзіндік ұлттық діндері пайда болды. Әр халықтың діні өзімен бірге өзгеріп, жаңарып отырады.

Ислам дінінің діни-философиялық ұғымы, мұсылмандардың қоғамдық және саяси көзқарастары мен әдеп-ғұрпы ережелері баяндалатын, араб жұртының бағзы заманындағы хал-жайы, тіршілігі, әдет-ғұрпы, түсініктері біршама сәулеленген – «Құран» кітабы.

Онда жалпы әлем жаратылысы, жер бетіндегі тіршілік, адамдар мен пайғамбарлар, қарым-қатынастар, әдет-ғұрыптар, сенім-түйіндер, діни рәсімдер басқа да толып жатқан құбылыстар, жорамалдар, аңыздары туралы айтылады.

Ислам дінінің басқа да діндерге, ұлт мәдениеттерінің дамуы мен қалыптасуына тигізер әсері мол. Ислам діні ұлттар мен ұлыстар арасындағы достық, әділдік, тең құқықтық, бейбітшілік секілді бүкіл адамзатқа ортақ асыл құндылықтарын таратып айту және оларды нсихаттау жақтары кездеседі.

Қазіргі уақытта көп ұлтты қоғамдағы идея рухани келісім, ұлыстардың өзаралық қарым-қатынасы, достығы бүгінгі күннің мәселесі болып отыр. Ал ислам діні болса, халықты рухани жағынан болсын, саяси жағынан болсын, мығым ұстай алатын мемлекеттік дін бола алды.

Діни тағылым адамның адамгершілік, ізгілік қасиеттерін қалыптастыруға тигізетін маңызының зор екенін айта кетуге болады. Дін жанұяда бірлікті сақтауымызға үлкен көмегін тигізеді. Ата-анасынан, әжесінен тағылым алған бала иманды, инабатты, тәртіпті, көрегенді, адал болмақ.

Қазақтың рухани мәдениеті соның ішінде ізгілікті істері, ділі, тілі оның ойлау құрылымы және әлеуметтік-мәдени мүдделері біртіндеп жалпы мұсылмандық типті көрсете бастады. Осылай мұсылмандардың адамгершілік инабаттылық бетбұрыстары қалыптаса бастады.

Мәдениет – адамдардың қоғамдық өмірде ертеден келе жатқан рухани және материалдық құндылықтарын қамтамасыз етеді. Рухани мәдениет және материалдық мәдениет екеуі бір-бірімен тығыз байланысты болып келеді. Адам ең бірінші материалдық жағдайын қанағат етпесе, руханилыққа аяқ басуы мүмкін емес. Ал дін болса, осы рухани мәдениетіміздің ерекше салаларының бірі болып табылады. Қазақстанда діннің өркендеудегі алатын орны мен рөлі әлеуметтік мұраны және рухани мәдениетті арттырудағы маңызы ерекше зор.

Дін, діл, тіл, мәдениет ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, кез келген қоғамның болашағы тағылым-тәлімсіз болмайды. Адамда ең бірінші алға жетелейтін оның бойындағы ізгі қасиеттері, жүрегіндегі имандылық. Жүрегінде иманы жоқ адамның жүрген кезде табаны нық болмайды, адамның өшуі оңай, өсуі қиын. Сондықтан мұсылман баласы өзінің жүрегіне имандылық ілімін жақындатып, адамдық болмысына сай өмір сүруі қажет.

Әдебиеттер

- 1 Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – 160 б.
- 2 Ақназаров Х.З. Ислам діні және өмір шындығы. – Алматы: Қазақстан, 1977. – 8 б.
- 3 Ислам әліппесі – Азбука ислама ЖШС Фараби – энциклопедист. – Алматы, 2000. – 3 б.
- 4 Бес ғасыр жырлайды: Екі томдық. – Алматы, 1989. – Т.1. – 93-97 бб.
- 5 Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл. – Алматы, 2003. – 110 б.

References

- 1 Kishibekov D. Kazakh mentaliteti: ceche, bygin, erten. – Almaty: Gylym, 1999. – 160 b.
- 2 Aqnazarov H.Z. Islam dini zhane өmir shyndygy. – Almaty: Kazakhstan, 1977. – 8 b.
- 3 Islam alippesi Azbukva – Islam ZHSHS Farabi – entsiklopedist. – Almaty, 2000. – 3 b
- 4 Bes gasyr zhyrlaydy: Eki tomdyq. – Almaty, 1989. – T. 1. – 93 – 97 bb.
- 5 Nazarbayev N.Ә. Syndarly on zhyl. – Almaty, 2003. – 110 b.